

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы « 20 » шілдедегі
№ 509 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының
арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге
қосымша келісім**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) төмендегілер туралы осы қосымша келісімді жасасты:

1. Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

«Үкімет пен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері, оның ішінде Қор қызметінің мәселелері бойынша оған Үкіметтің қоятын талаптары» деген 3-бөлімде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Үкімет Қор акцияларының меншік иесі ретінде Қорды оның органдарының – жалғыз акционерінің, Қордың директорлар кеңесінің (бұдан әрі – директорлар кеңесі), Қор басқармасының (бұдан әрі – басқарма) тиімді басқаруы үшін жағдайларды қамтамасыз ету арқылы Қордың Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру жөніндегі мақсаттарға және Қордың даму жоспарына қол жеткізуіне ықпал етеді.

Үкімет Қорға коммерциялық акционерлік қоғам ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың жарғысында көзделген шекте толық жедел дербестік береді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қор өз қызметін Заңда айқындалған, сондай-ақ Қордың даму жоспарында бекітілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде ғана жүзеге асырады.»;

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қордың шоғырландырылған іс-шаралар жоспарының іске асырылу мониторингін;»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қордың инвестициялық қызметі, егер директорлар кеңесі өзгеше шешім қабылдамаса, Қордың даму жоспарына сәйкес нарықтық қағидаттарда жүзеге асырылады.

13. Үкімет бастама жасайтын, Қор немесе Қордың тобына кіретін ұйымдар іске асыратын әлеуметтік маңызы бар және/немесе өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды рентабельділігі төмен жобаларға жатқызу туралы шешімді Қордың директорлар кеңесі қабылдайды. Мұндай жобаларды қаржыландыру туралы шешімді де Қордың директорлар кеңесі қабылдайды.».

2. Осы қосымша келісімде қозғалмаған Келісімнің қалған шарттары өзгеріссіз қалады және тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

3. Осы қосымша келісімге 20__ жылғы «__» _____ Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 2 (екі) данада қол қойылды.

4. Осы қосымша келісім Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

**Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін**

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат
қоры» АҚ
үшін**
